
Мақалада ауыл шаруашылығы өндірісін тиімді орналастыру мен мамандандырудың тиімділігі және аймақтық ерекшеліктеріне қарай мамандандыру мәселері қарастырылған. Алматы облысының аймақтық ерекшеліктері бойынша мысал келтірілген.

In article questions of efficiency of specialization of the agricultural enterprises for groups taking into account natural and economic conditions are considered.

ӨОЖ 338.436.33 (574.51)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

INNOVATIVE DEVELOPMENT OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX OF ALMATY AREA

**Жайлаубаева Ж.А., Кунтубаева А.Д.
Zh.A. Zhailaubayeva, A.D.Kuntubayeva**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Қазіргі таңда агроөнеркәсіп саласын тұрақтандыру және дамыту барысында индустриалды-инновациялық дамуға ерекше мән беріліп отыр. Осыған байланысты агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамыту және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге арналған зерттеулер ерекше өзектілікке ие. Инновациялық үрдістерді дамыту, инновациялық қызметтердің жаңа түрлерін құру, агроөнеркәсіп өндірісінің аймақтық ерекшеліктерін есепке алу, ғылыми техникалық және инновациялық саясатты қалыптастыру басты мәселеге айналууда.

Кіріспе Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды инновациялық индустрияландыру үшін агроөнеркәсіптік кешенді және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуді дамытуды бірінші басымдық ретінде белгілеп, индустриялық-инновациялық даму шеңберіндегі жобалардың әлеуметтік маңызы шексіз екендігін атап өтті. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында бүгінгі таңда агроөнеркәсіптік кешендерді заманауи талапқа сай жетілдіру, оның өндірістік тиімділігін арттыру мақсатында ауқымды жұмыстар жасалуда. Әлеуметтік және экономикалық ахуалды дамытудың негізі еліміздің аграрлық саясатының маңызды мәселесі болып саналады. Бұл бағдарлама экономиканы жаңғыртудың басты бағдары болып қала береді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты ауыл шаруашылығы саласын дамыту, саланы әртараптандыру, егіншілік мәдениетін арттыру, өндіріске қазіргі заманғы ылғал, ресурс үнемдейтін технологиялар енгізу, кең ауқымды химиялау, суармалы жерлерді айналымға енгізу арқылы өткізу нарығы бар ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемін арттыруға бағытталады[1].

Ауыл шаруашылығы саласын индустриалық-инновациялық дамытудың негізгі бағыты АӨК дамытудың басым бағыттары бойынша зерттеулерді шоғырландыру, халықаралық ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды жүргізу, аграрлық ғылым инфрақұрылымын дамыту және шетелдік аграрлық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету жолымен ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін енгізу және процестерін жеделдету, өндіріске ғылыми әзірлемелерді енгізу және ғылыми қызметкерлер қызметін ынталандыру және аграрлық ғылымға жас мамандарды тарту, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау, жеңілдетілген несие беру және шағын несие беру, ауыл шаруашылығы техникасының, арнайы техниканың және технологиялық

жабдықтың лизингін дамыту, агроөнеркәсіптік кешенде сақтандыру жүйесін дамыту, ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алудағы отандық қамту үлесін ұлғайту жолымен де жүзеге асыруға негізделген.

Индустриялық саясат дегеніміз мемлекеттің бәсекеге түсуге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіпті қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасауға және қолдау көрсетуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді.

Осыған байланысты агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамыту және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге арналған зерттеулер ерекше өзектілікке ие. Инновациялық үрдістер өзінің мәні бойынша ғылым мен өндірісті бейнелейді, техникалық, биологиялық және химиялық құралдар мен заттардың, технологиялар мен шаруашылықты жүргізу тәсілдерін үздіксіз қайта жаңалау, ауыл шаруашылық өндірісін агроклиматтық факторлар мен нарықтың талаптарына сай, тауар өнімдеріне әлемдік стандарттарды қолдану үшін жағдай жасайды. Бұның барлығы ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өндірісінің интенсивтік дәрежесін көтеруге, инновацияны игерумен агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларында еңбек өнімділігін арттыруға және қосымша пайда алуға мүмкіндік береді [2].

Қазіргі таңда агроөнеркәсіп өндірісінде инновациялық үрдістерді бейімдеу арқылы және аумақтың табиғи, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеттерін үйлесімді пайдалану факторларын есепке ала отырып, агроөнеркәсіп өндірісін жүргізуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері Агроөнеркәсіп кешенін инновациялық басқарудың негізгі мақсаты жаңа өнімдер жасап, оларды өндіріске ендіру болып табылады. Бұл агроөнеркәсіп өндірісін мамандандыру жөнінде көптеген міндеттерді нақтылауды, агроөнеркәсіп өндірісінде әртүрлі қызметтердің ауыл шаруашылық өндірісінің тепе-теңдігін сақтауда, технология, ұйымдастыру, басқару және инновациялық басқару саласында мамандар даярлауда көптеген міндеттерді нақтылауды қажет ететін үрдіс.

Алматы облысының индустриаландыру картасы сомасы 745,5 млрд.теңгенің 34 инвестициялық жобасы енгізілді.

Кесте1

Алматы облысы бойынша үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асырылуы

Көрсеткіштер	2010	2011	2012
Жобалардың жалпы құны, млрд тг	18,3	9,6	5,9
Ашылған нысандар саны	10	10	8
Жұмыс орны	806	609	650

2010-2014 жылдарға бағытталған Қазақстанның үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Алматы облысы бойынша ауқымды іс-шаралар жүргізілуде. 2010 жылы облыста аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында 18,3 млрд. теңгені құрайтын 10 жоба іске асырылып, 806 жаңа жұмыс орны ашылды.

Атап айтқанда:

1. Іле ауданында инвестиция көлемі – 3068,2 млн теңгені құрайтын, 67 жұмыс орнын қамтыған сүт өнімдерін шығаратын «Danone Berkut» ЖШС;

2. Еңбекшіқазақ ауданы Қырбалтабай ауылындағы инвестиция көлемі 430,2 млн теңге, жұмыс орны -124, бірреттік жүйе бойынша инфузиялық ерітінділерге арналған бір рет пайдаланатын жүйелер шығаратын «Алтомед» ЖШС;

3. Іле ауданы Чапаев ауылындағы инвестиция көлемі – 825,0 млн теңге, жұмыс орны – 100, майбұршақ майын өндіретін «Сарыбұлақ Компаниясы» ЖШС;

4. Көксу ауданы Теректі ауылындағы инвестиция көлемі 315,0 млн теңге, жұмыс орны – 45, майбұршақ өңдейтін «Экстра» ЖШС;

5. Жамбыл ауданы Қопа бекетіндегі инвестиция көлемі 1927,9 млн теңге, жұмыс орны – 67, табиғи тас өңдейтін "TASKOM KZ" ЖШС;

6. Талғар ауданы Жаңалық кентіндегі инвестиция көлемі - 4800 млн теңге, жұмыс орны -200, «ЮСКО Логистикс Интернешнл» АҚ-ның «Көп салалы логистикалық кешені»;

7. Алакөл ауданындағы инвестиция көлемі – 4700 млн теңге, жұмыс орны -70, «Dostyk Refinery» ЖШС;

8. Еңбекшіқазақ ауданы Қайнар ауылындағы инвестиция көлемі – 761,6 млн теңге, жұмыс орны – 70, «Есік жеміс консервілеу зауыты» ЖШС;

9. Ескелді ауданындағы Қаратал ГЭС-4 құрылысы инвестиция көлемі – 783,0 млн теңге, жұмыс орны -6 "АСПМК-519" ЖШС;

10. Талғар ауданындағы балаларға арналған сүт өндіретін зауыт инвестиция көлемі - 681,1 млн теңге, жұмыс орны 57, «Амиран» ЖШС.

2011 жылы үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жалпы құны 9,6 млрд. теңге болатын 10 нысан қолданысқа берілді, 609 жұмыс орны құрылды.

1. Іле ауданында инвечтиция көлемі – 200 млн теңге, жұмыс орны -20, «Кормовик-Евротехнология» ЖШС;

2. Талғар ауданындағы инвестиция көлемі – 1374 млн теңге, жұмыс орны- 65, сүт өнімдерін өндіретін «Байсерке Агро» ЖШС;

3. Іле ауданындағы инвечтиция көлемі 760 млн теңге, жұмыс орны – 150, профильді құбыр шығаратын «Компания SONIK» ЖШС;

4. Талғар ауданындағы инвестиция көлемі – 300 млн теңге, жұмыс орны – 36, Хундай маркалы жүк көліктерін және автобустарын жинайтын ірі торапты «ХундайАвтоТранс» ЖШС;

5. Талдықорған қаласындағы инвестиция көлемі – 570 млн теңге, жұмыс орны – 80, индустриалды аккумулятор батареяларын иегерілуі бойынша «Қайнар-АКБ»;

6.Талғар ауданындағы инвестиция көлемі – 1317 млн теңге, жұмыс орны – 37, ет өңдеу «Байсерке Агро» ЖШС;

7. Текелі қаласындағы аумағы 3,65 га жылыжайы, инвестиция көлемі – 1918 млн теңге, жұмыс орны – 60, «Green House - зеленый дом» ЖШС;

8. Іле ауданындағы инвестиция көлемі – 1669 млн теңге, жұмыс орны – 90, асфальтті шығаратын «ЮринвестСтрой» ЖШС;

9. «Жеңіс 2006 компаниясы» ЖШС-нің балық өңдеу кешендері;

10. «Жаңа Ақ-дала» ЖШС-нің 13 мың тонна көкөніс сақтау қоймасы.

2011 жылы Республикалық карта аясында Жетіген-Қорғас теміржол желісі іске қосылды, Мойнақ ГЭС-ы құрылысы жобасының жүзеге асырылуы жалғасуда.

Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы Алматы облысында 2012 жылы облыстың индустрияландыру картасына енгізілген инвестиция көлемі 5,9 млрд.теңгені құрайтын бірнеше ірі жобаны іске қосу және 650 жұмыс орнымен қамамасыз ету жоспарланып отыр [3].

Қорытынды Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының маңызды салаларының бірі болып саналады. Елбасы өз сөзінде қуатты Қазақстан дегеніміз – ең әуелі өңірлердің қуаттылығы. Бұл үшін алдымен зауыттар көп салынып, жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік инфрақұрылым қарқынды дамуы қажет екендігін атап өтті. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының жылдан жылға жоғары қарқынды дамуы, ел экономикасының өсуіне, жалпы еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуіне және өнім сапасының жақсаруына ықпал етеді.

Осы негізде ауыл шаруашылығы өндірісінде инновациялық іс-шараларды жүзеге асыра отырып, нарық талаптарына сай, ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдер мен шикізаттарды қайта өңдеу, дайын өнімдерді нарық талабына сай сату арқылы агроөнеркәсіп өндірісінің экономикасын тұрақты қалыптастыру мүмкін, бұл ауыл

шаруашылық өндіріс тиімділігінің асуына жаңа мүмкіндіктер ашады, жалпы агроөнеркәсіп өндірісі үшін экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Алматы облысында ауыл шаруашылығы өндірісін жетілдіру мақсатында қазіргі заман талабына сай инновациялық жетістіктерді енгізу қажеттігі ескеріліп, 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуі жалғасын табады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі дамыту қажеттігі ғылым мен заман талабына сай интенсивтендірудің басқа факторлары сияқты жерді, еңбекті, техниканы, ұтымды пайдала отырып, келешекте ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамытуды жетілдіру бойынша инновациялық іс-шараларды жүзеге асыра отырып, өзіндік құны төмен, жоғары сапалы өнім өндіру арқылы ғана бәсекелестікте өз орнымызды ала отырып, тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ауыл шаруашылық саласында инвестиция тартудың тетіктерін жетілдіру негізінде ауыл шаруашылық саласына инвестиция тартуда ең алдымен аймақтық ерекшеліктерін зерттей отырып, ауыл шаруашылық құрылымдарын ірілендіруді ынталандыру мақсатында мемлекеттен берілетін жеңілдетілген несиелер, жанар-жағар май, субсидия беру тетіктерінің құқықтық базасын дайындау, аймақтардың ауыл шаруашылық саласына инвестиция тарту тетіктерін жетілдіру мақсатында шет елдердің тәжірибесін зерттеп, оны жүзеге асыру қажет.

1. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 19.03. 2010

2. Жұмаханов Н. «Индустриаландыру жағымды инвестициялық ахуал мен бизнеске қолайлы белбеудің негізі» Дала мен қала газеті, №211 2011

3. Алматы облысының ресми сайты www.almaty-reg.kz/

Мақалада Алматы облысының агроөнеркәсіп кешенінің индустриалды-инновациялық даму мәселелері қарастырылған. Өндіріске енгізілген жобалар және олардың ұйымдастыру барысындағы тиімділігі келтірілген.

В статье рассмотрены вопросы индустриально-инновационного развития агропромышленного комплекса Алматинской областей. Предложен анализ внедренных в производство проектов и их эффективность в процессе реализации.

In article the questions of industrial and innovative development of agro-industrial complex of Almaty region are considered. The analysis of the projects introduced in production and their efficiency in the realization process is offered.